



ЕКІБАСТУЗ



Алтыс бесінші
баспаңдақ





Екібастұз өттәрү

Екібастұз!

Кенді өңір мақтан тұтқан,
Байлығымен әлемге даңқы шықкан.
Оттары самаладай жарқырайды,
Еліме қуат беріп, нұрын шашқан.

Екібастұз!

Шиыр жолдар Қосым өткен,
Тас көмірді болашаққа барлап кеткен.
Игеріп сол көмірді үрпақтары,
Сар дала тамырына қан жүгірткен!

Екібастұз!

Станциялар алып-мығым,
Таратқан шартарарапқа жарық-нұрын!
Қала үшін жасампаз жайсаң жандар,
Кенші мен энергетик – егіз ұғым!

Екібастұз!

Тоғысқан тағдырлар бұл,
Таспадай ғасырларға тартылған жол.
Екібастұз – қайнары құш-қуаттың,
Отанына бергеннен, бермелі мол!

Жассерік Жәлелұлы



Алтыс бесінші
баспаңдақ

УДК 908(574)
ББК 26.89 (5Каз)

A45

Құрастыруышы Жұмағали Сейтенов
Мәтіндер авторы Жассерік Сәдуақасов
Дронмен фототүсірілім жасаған Василий Аваргин
Дизайнер Дмитрий Нагаев

Фотографтар К. Абылқасов, В. Бугаев, М. Гонтарь, Е. Гордеева, Г. Дробец,
Р. Ибаділдин, Б. Копнов, Ю. Матросов, В. Панаюк, А. Пархоменко ,
Ж. Сейтенов, И. Тимошенко

A45 Алпыс бесінші баспалдақ . Екіbastұз, 2022 – 200 бет.

ISBN 978-601-7908-68-3


Кітап Екіbastұзға қала мәртебесінің берілуіне 65 жыл толуына арналды.
Бай иллюстрациялы басылым сүйікті қаламыздың бүгінгісі жайлы баяндайды.
Кітап қалың оқырманға ұсынылады.
«Екіbastұздың болашағы үшін» ҚБ тапсырысымен шыгарылды.



УДК 908(574)
ББК 26.89 (5Каз)

ISBN 978-601-7908-68-3

© ЖК Сейтенова Г.Ж., 2022



ҚАЗАҚ КСР ЖОГАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Павлодар облысы Баянауыл ауданының Экибастузуголь жұмысшы кенті облыстық бағыныштағы қала болып қайта құрылышып, оған Екібастұз қаласы атаяу берілсін.

Алматы қаласы. 12 маусым 1957 жыл

Павлодар облысы Баянауыл ауданының Экибастузуголь жұмысшы кенті облыстық бағыныштағы қала болып қайта құрылсын, оған Екібастұз қаласы атаяу берілсін.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі

Президиумы Төрағасының орынбасары К. Крюкова

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі

Президиумы хатшысының м.а. М. Ермәғамбетова

Құрметті екібастұздықтар!

Сүйікті қаламыздың мерейтойы - барша қалалықтар үшін айтулы мереке. Осындай мереілі сөтте өткенге қайта үңіліп, Екібастұз қаласының қалыптасу тарихын ойша параптап, шаһарды көркейтуге еңбек сінірген адамдарға ризашылық білдіріп, біздің қаламыздың табыстары мен жетістіктерін мақтанышпен ауызға алайық.

Көмір өндіретін жұмысшы кенті сонау 1898 жылы құрылғанымен, оған қала мәртебесі Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің 1957 жылғы 12 маусымдағы Жарлығымен берілді. Дәл осы датаны біз республикамыздағы қуатты отын-энергетикалық кешенінің туған күні деп санаймыз. Бастапқыда біздің қаламызда индустриялық экономиканың қозғаушы саласы – өнеркәсіп болып есептелді. 1954 жылы Екібастұз көмірінің алғашқы эшелоны тиеліп, 1980 жылдың наурызында ГРЭС-1 станциясының бірінші энергоблогы іске қосылды.

Бүгінгі күні біздің кеншілер мен энергетиктер елімізде өндірілетін көмірдің жартысын, электр энергиясының төрттен бірін, теміржол тасымалының 30 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі уақытта Екібастұз аумағында көптеген ірі кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Біз теміржол кластерін құруды қолға алып, эко-



номиканы әртаратандыруды бастап кеттік. Мұның өзі қала экономикасының энергоресурстар өндіруші кәсіпорындарға иек артуын біртінде азайтыу тиіс.

Өнеркәсіптің қарқынды алға басуымен қатар, мәдениет пен спорт, білім беру және өзге де әлеуметтік мәндегі салалар қызметі даму үстінде.

Біздің қаламызда түрлі ұлттар мен діни сенімдегі 132 мың адам: қазақтар, орыстар, белорустар, татарлар, өзбектер, тәжіктер, немістер, украиндар, болгарлар, молдавандар, поляктар, чуваштар, көрістер, шешендер, ингуштар бейбітшілік пен келісімде өмір

сүріп жатыр. Біз бәріміз – екібастұздықтар, қазақстандықтармыз. Бізді бір Отан, бір Екібастұз бауырына басып, тағдырымызды тоғыстыруды. Біз күн сайын соның ігілігі жолында жан-дүниеміздің бір бөлшегін бере еңбек етіп жүрміз.

Өнірдің дамуына үкіметтік емес 25 ірі үйім, оның ішінде 13 этномәдени бірлестік баға жетпес үлес қосып, зор мәдени-ағартушылық қызмет жасап, бай дәстүрлер мен әдеб-ғұрыптарды дәріппеп, үлт пен ұлыстардың бірлігі мен достығын нығайтуда. Олармен бір қатарда қоғамдық қайырымдылық үйімдары, волонтерлер, ардагерлер қозғалысы да халықтың мақсатты санаттарымен жұмыс жүргізіп отыр.

Екібастұз –monoқала, өсіп-өркендер, әдемілене түсуде. Өзінің еңбексүйгіштігі, үмтүлісімен ел Президентінің үлкен назарын аударды. 2021 жылдың қыркүйек айында бағдарламалық құжат – 2025 жылға дейін Екібастұздың дамуының кешенді жоспары бекітіліп, Мемлекет басшысы біздің қаламызға келіп, республикалық мәжіліс өткізді, онда Екібастұздың ірі индустримальдық және энергетикалық орталық болуына қоса, еліміздегі теміржол машина жасау орталығына айналғанын айтты.

Біздің алдымызда Жоспарға енген барлық іс-шаралардың уақытылы әрі сапалы орындаудың қамтамасыз ету және инженерлік-коммуникациялық, индустриялық, көліктік және

тұрғын үй инфрақұрылымын, әлеуметтік саланы дамыту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру, экологиялық проблемаларды шешу міндеттері түр.

Осы кітап қаламыздың 65 жылдық мерейтойына арналып отыр. Біздің қаламыз өлемдегі ең үлкен «Богатырь» көмір кенішімен, ең биік тұтін мұржасымен, ең ұзын – 500 километрлік Қаныш Сәтбаев атындағы канал және қуатты электр станцияларымен төрткүл дүниеге әйгілі.

Екібастұз тарихы туралы бұл кітап екібастұздықтардың жасампаздығы жайлы де-ректерді сақтап, келешек үрпаққа аманатқа қаларына сенімдімін.

65 жыл – аз да, көп те емес, алайда әрқашан жас Екібастұз еліміздің дамуына ересен үлес қосты.

Қымбатты жерлестер!

Екібастұздың 65 жылдығымен шын көнілден құттықтаймын!

Үнтымақта болу, кәсібилік, еңбексүйгіштік, бейбітшілік пен келісім арқасында біз ортақ қүш-жігерді жұмсай отыра, ігі мақсаттарға қол жеткіземіз.

Баршаңызға бақыт, денсаулық, бейбітшілік пен игілік тілеймін!

**Ардақ Қантарбаев,
Екібастұз қаласының әкімі**





Тұнгі Екібастұз көрінісі

Екібастұзда - көшесі Мәшһүр Жүсіптің

Кек Тұым бүгін толқыды ерек көшемде –
Бұл өлде мениң тарихта кеткен есем бе?..
Хаттар да енді қазақша қағып есікті,
Ие екенім білініп тұрад осы елге!
Жұлдыз қып қадап бейнесін жүрек тұсыма,
Білмесем тілін, өте алмай төрге, қысыла.
Еңсемді езген қашықтап кетті күндер де,
Жалтақ мінезді Намыс пен Рухым ысыра!
Кекірегіне бауырластарын қысып мың,
Ақ сөулесімен дәл төбесінен құшып Күн.
Шахталы шаһар маңдайындағы сзықтай
Жарқырап жатыр көшесі Мәшһүр Жүсіптің!
Қойныңан сенің тауып ед қара тасты кім,
Сол айбыныңды асқақтатпай ма Мәшһүрің?
Елдіктің атын ұлықтап түрған төрінде
Жарайсың, мениң аяулы Екібастұзым!

Жанаргұл Қадырова





«Қек тудың желбірегені, Жанымға қуат береді...»



Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев - Екібастұз қаласында

КЕЛЕШЕГІМІЗ АЙҚЫН

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Екібастұз қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспары әзірленіп, 2021 жылдың 21 қыркүйегінде ҚР Үкіметі бекітті.

Екібастұз – еліміздегі ең ірі үш моногороданың бірі. Кешенді жоспар алдағы жылдары экологиялық, әлеуметтік инфрақұрылымның тозу, инженерлік тораптардың ескіру, қаладан көші-қонды азайту проблемаларын шешуді көздейді. Кешенді жоспарға 114 шара енгізіліп, 4 негізгі блокқа бөлінді. Олар: экономиканың шынайы секторы, халықтың жұмыспен қамту, қаланың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын қолдау, экологиялық проблемаларды шешу.

Іс-шараларды жүзеге асыру 932,8 миллиард теңге деп бағаланып отыр. Оның 89,5 пайзызы жеке инвестициялар үлесі болады.

Кешенді жоспардың негізгі міндеті – қала экономикасын диверсификациялау. Жоспардың негізгі қадамдары: жеке инвесторлар үшін индустримальдық аймақ құру, 2 энергоблок салу, көмір өндірісін одан әрі дамыту үшін көмір химиясының ғылыми-зерттеу орталығын құру.

Екібастұзды дамытудың кешенді жоспары жаңа өндіріс орындарын ашуға қоса, әлеуметтік саладағы бірқатар маңызды мәселелерді шешеді. Атап айтқанда, қалалық аурухананың материалдық-техникалық базасы жақсартылып, кадрлық әлеуеті артады. Білім саласында 20 мектепке күрделі жөндеу жүргізіледі, 700 балаға лайықталған шығармашылық орталығы салынады. Дене шынықтыру саласында қосымша білім беру дамиды. Қысқы мұз аренасы мен 30 спорт алаңы іске қосылады.

Осылайша, тартылған инвестициялар мен бөлінген қаржы Екібастұз қаласы экономикасын әртарапта диверсификацияуды қамтамасыз етіп, одан әрі дамуына серпін береді.







Екібастұз күні тамаша!

ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ҰЙЫМДАР

Екібастұзда партияның 30 бастауыш ұйымы мен 192 партиялық тобы құрылған. Олардың ішінде «Богатырь Көмір» ЖШС, «Восточный» разрезі, «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1 станциясы» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ бастауыш партия ұйымдарының белсенділігін атап өтүге болады.

Жалпы, партияның қалалық филиалында 12 мыңнан астам мүше бар.

«AMANAT» партиясының Екібастұз қалалық филиалы жаңында 5 Қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Екібастұз қалалық мәслихаты депутаттары ішінде «AMANAT» партиясынан 14 депутат бар. Олар 2021-2025 жылдарға арналған «Өзгерістер жолы: әр азamatқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламаның орындалуын қадағалайды.

Сонымен қатар партиялықтар «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы», «Адажерлерді ардақтайық», «Жастар – Отанға», «TazaLike» партиялық жобаларын жүзеге асыруды.

Қалалық филиалдың атқарушы хатшысы – Нияз Макраев.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы бейбітшілік пен келісім мәселелері бойынша бүкіл азamatтық қоғамды жалпылттық біркітірудің бірегей институты болып табылады. Осыған орай 2004 жылы Достық үйі құрылды. Мұнда «АНА Ұлағаты» қоғамдық бірлестігі, «Возрождение» – неміс, «Братство» – славян, «Вайнах» – шешен – ингуш, «Шатлық»- татар-башқұрт, «Полония» – поляк, «Әзіrbайжан»- әзіrbайжан, «Чосон» – кәріс, «Свитанок» – украин, «Бэяхад» – еврей, «Дустлик хайот» – өзбек, «Беларусь» белорус этномәдени бірлестіктері, «Аракат» армян орталығы жұмыс істейді.

«Ана ұлағаты» бірлестігінде қызыбалаларға қазақ тілін, қазақтың салт-дәстүрлери мен әдет-ғұрптың үйрететін «Назерке» жас келіндер клубы бар.

«Братство» этномәдени бірлестігі халық өндерін насиҳаттап жур. Оның жарқын мысалы ретінде Филиппов Евгений Юрьевич жетекшілік ететін «Славяночка» хорын айтуда болады.

«Шатлық» этномәдени бірлестігі «Сабантуй» татар мерекесімен ерекшеленеді, Тобольск қаласында Гран-При иеленді.

«Свитанок» украин этномәдени бірлестігі қалалық іс-шараларға белсенді қатысады.

«Возрождение» неміс орталығы неміс тілін инновациялық оқытуға көп көңіл бөледі, орталық базасында 2010 жылдан бастап «Факультативтік білім беру курстары» жобасы енгізілген.

«Әзіrbайжан» әзіrbайжан этномәдени бірлестігі, «Вайнах» шешен-ингуш және «Дустлик хайот» өзбек этномәдени бірлестігі меценаттықпен шұғылданып, қайырымдылық шараларына үнемі қатысады.

«Полония» поляк орталығы - Достық үйінің ең белсенді және бастамашыл орталықтарының бірі. Жыл сайын Көкшетау қаласында ететін «Поющая Полония» республикалық фестиваліне қатысады.

«Чосон» этномәдени бірлестігі Оңтүстік Корея елшілігімен тығыз байланыста. «Чосон» ЭМБ қалалық мұражайда кәріс мәдениетінің бұрышын құрды.

«Беларусь» белорус этномәдени бірлестігі К.Бейсеновтың басшылығындағы «Вечарынка» вокалдық ансамблі арқылы таныстал.

«Бэяхад» еврей ЭМБ Орталық Азияда еткен Конгресске қатысып, еврей халқының салт-дәстүрін насиҳаттауда өз үлестерін қости.

«Аракат» ЭМБ – қалалық іс-шаралардан қалыс қалмайды. Орталық солисі Людмила Варданян Ереван қаласында еткен «Поющая Армения» Халықаралық фестиваліне қатысты.

Достық үйінде тілдерді оқытудың оку кабинеті жұмыс істейді. «Қазақ тілі» қалалық қоғамының тәрағасы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Жұмағали Қоғабай латын әліпбін үйретіп жүр.

Достық үйі «Рухани жаңғыру», «Татулық ел тірепі» ауқымды жобаларын іске асыруға қатысып, қоғамдық келісім мен рухани бірлікті нығайтуға өз үлесін қосуда.

Биылғы жылды қаладағы ардагерлер үйымдарына 35 жыл толып отыр. Қазіргі уақытта қалалық ардагерлер кеңесіне 141 бастауыш ардагерлер үйымы енген. Зейнеткерлердің жалпы саны – 20438, соның ішінде Ұлы Отан соғысы ардагері -2, тыл еңбеккерлері – 625, Ленинград құрсауында болған 1 адам, концлагерь тұтқыны болған 1 адам бар.

Зейнеткерлермен негізгі жұмысты 8 округтегі ардагерлер кеңестері жүргізеді. Мұндай кеңестер 11 ауылдық округтерде де жұмыс істеп тұр.

2019 жылды қалалық ардагерлер кеңесі жаңынан Ұзақ жасау орталығы ашылды. Мұнда қызығушылығына қарай 12 үйірме, атап айтқанда шахмат-дойбы, теннис, бильярд, аэробика, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалак, әуесқой балықшылар үйірмелері, «С песней по жизни» хоры, «Замандастар-Құрдастар», «Барыни-Сударыни» вокалдық ансамбльдері жұмыс істейді. «С песней по жизни» хорының құрылғанына 2022 жылды 10 жыл толып, «Өнер» мәдениет орталығында шығармашылық есептік кеші өткізілді.

Екібастұз қаласы әкімдігімен тығыз байланыс орнатылған. Қала әкімі Арақ Қантарбаев ардагерлерге зор қолдау көрсетіп келеді. Әкімдіктің демешүшілік көмегімен қалалық кеңес көркеменерпаздағына концерттік костюмдер тігілді.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды – Балалар жылды деп жариялады емес пе, осыған орай ардагерлер мектеп және колledge оқушыларымен жұмысты өрістетті. Қалалық полиция басқармасы музейінде, қала мектептері музейлерінде ардагерлер оқушылармен бірге болып, патриоттық-адамгершілік тәрбие жайлы әңгіме өрбітеді.

Қалалық ардагерлер кеңесі тыл еңбеккерлерін назарда ұстап отыр. Олардың тұрмысы тексеріліп, мұқтаж аadamдарға көмек көрсетілді.

Ардагерлер жалпы қалалық мерекелік шаралардың белортасында жүреді. Қарттарға әрдайым құрмет көрсетіліп келеді. Женіс мейрамында қала мен ауылдық округ мектептерінде кештер үйымдастырылып, 315 ардагер қонақ болды.

Жиырма жылға жуық үақыт болды «Екібастұздың болашағы үшін» қоғамдық бірлестігі қала өміріне қызу араласып келеді. Қазіргі уақытта қоғамдық бірлестіктің 11 мыңнан астам мүшесі бар. Қоғамдық бірлестік қаланы абаттандыру мен көгалдандыру, салауатты өмір салтын орнықтыру, спорт пен деңешшіншілдіктерді дамыту, жас таланттарға, шығармашылық үжымдарға қолдау көрсету және т.б. ігі істермен айналысып, қайырымдылық шараларынан табылады.

Қоғамдық бірлестіктің бастамашы болуымен түлектер, бірінші сыныптықтар, нәрестелер аллеялары отырғызылып, мектептер мен балабақшалар аулаларына қара топырақ пен құм жеткізілді.

Сонымен бірге, жасанды жабындылы шағын футбол аландары мен хоккей корттарын жасауға да қоғамдық бірлестік өз үлесін қости.

Қоғамдық бірлестік Естай Беркімбаевтың, Мәшінүр Жусіп Көпееvtің мерейтойларын өткізуге қаражат бөліп, Мұса Шормановтың кесенесін көтеруге демеуші болды. Қала мен ауыл мектептерін «Алтын белгіге» бітірген түлектерге жыл сайын ақшалай сыйлықтар беріп, науқас балалардың еміне көмектеседі.

«Екібастұздың болашағы үшін» қоғамдық бірлестігіне «Богатырь Қемір» ЖШС, «Шығыс» кеңіші, «Проммашкомплект» ЖШС, «Промсервис Отан», «Вершина», «Гидропром» және т.б. көптеген кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер, білім мен денсаулық сақтау, мәдениет саласы қызметкерлері үнемі қолдау көрсетіп жүр.



Екбастұз қалалық мәслихатының депутаттар корпусы



Екібастұз қалалық Қоғамдық кеңесі



СВІП!



Қариялар – қазынамыз



«AMANAT» партиясындағы жеке қабылдау



«Екібастұздың болашағы үшін» қоғамдық бірлестігі



Ауған жауынгерлері – Мәңгілік алау жаңында



«Шахтер» саябағындағы чернобыльшыларға қойылған ескерткіш

День единства
юда Казахстан!



Достық үйі. «Баяхад» еврей этномәдени бірлестігі



«Ана үлағаты» қоғамдық бірлестігі

ш еднствa
иа Қазахстана!



«Чосон» кәріс этномәдени бірлестігі



«Беларусь» этномәдени бірлестігі

День единства
рода Казахстана!



«Возрождение» неміс этномәдени бірлестігі



«Полония» поляк этномәдени бірлестігі



«Свитанок» украин этномәдени бірлестігі

жылдашы

а захастана!



«Шатлық» татар-башқұрт этномәдени бірлестігі



«Вайнах»- шешен-ингуш этномәдени бирлестігі



«Әзірбайжан» этномәдени бірлестігі



«Дустлик хайот» өзбек этномәдени бірлестігі

Достық үйінің хореографиялық ансамблі





Женіс күні. Боздақтар рухына тағзым





«Батырларға тағым» акциясы өтуде





Жаңа үйлермен жаңарған қала





Екібастұз қалалық мұсылмандар мешіті

«ИСАБЕК ИШАН» ТАРИХИ-ДІНИ КЕШЕНІ

Ақкөл-Жайылма өніріндегі Қылдықөл жазығындағы қожалар қорымы.

Исабек ишан мен шебересі Жандарбек қожа кесенелері 2011 жылы Жаңаөзеннің ақ тасынан қаланды. Басында Шырақшы үйі, Мұхаммедніяз қожа намазханасы бар. Кейінірек Солтан қожа кесенесі салынды.

Елі іші «Атам зираты» деп атайдын қорым облыстық киелі жерлер картасына енгізілген. Мұнда зиярат етіп келушілер көп.

Шәкірті Мәшһүр Жүсіп ұстазы Исабек ишан өмірден өткенде жоқтау жыр жазған.





Серафимо-Иверский соборы



Екібастұз көмірін тапқан кентанушы Қосым Пішенбаев ескерткіші

Қосым ескерткішінің қасында

Таң қалдырған табиғи дарынымен
Құдай берген қуаты-қарымымен.
Қазақ түгілі орыс пен ағылшынды
Өзендей ала кеткен ағынымен.

Бес сыныптық білімсіз кенді танып,
Ел бұғауда жүргендеге теңдік алып.
Ағылшын мен орысқа бас иғізген
Көрсеткен де өзіңсің ерлік қалып.

Алтын менен мыс, мырыш қазынасын,
«қажет болса үрпағым қазып алсын», -
Деген оймен сабылдың сары даламда
Сол үшін де сен елдің жадындасың.

О, Қосым қарт, Қосым абыз, Қосым дана,
Қадірінді білер ме осы дала?
Білгені ғой бүгінде тұрсын, міне,
Тәңірідей көрініп тосын жанға.

Өзің тапқан тас көмір тас тұғыр боп,
Мұсінің тұр аспандап жас ғұмыр боп.
Сан ғасырлар сырлас боп үрпағыңмен
Өтерсің сен халқынның басқұры боп.

Басқұры бөп, ыстықта тұндігі боп,
Қаулай өсер ғылымның кіндігі боп.
Атын кетер әлемге шырдап биік
Елін тұрса осылай бірлігі боп.

Амангелді Кантарбаев

Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқақов



ГИЧЕС
ИЮ ГОД
ИЯ ПО
БАСТУ

12 ИЮНЯ

ӨНЕРКӘСІП ӨРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Екібастұз қаласы – ірі өнеркәсіп орталығы. Павлодар облысы көлеміндегі үлес салмағы – 34,1 пайызды құрайды.

Тау-кен өнеркәсібінде көмір мен лигнит өндіретін «Богатырь Көмір» ЖШС, «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ «Восточный» кеңіші, «Ангренсор Энерго» ЖШС, металл кеңін өндіретін «Kaz Minerals Bozhakol», «Eurasia Copper Operating», «Fonet Er-Tai AK Mining» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері тұрақты жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге, шағылтас өндіретін «Құрылым материалдары зауыты» ЖШС, «Концерн «Казстроймонтаж» ЖШС, табиғи құм өндіретін «Қарасор кен байыту комбинаты» ЖШС көсіпорындары бар.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған отыз бір жыл ішінде машина жасау саласында жаңа көсіпорындар: «Қазақстан вагон жасау» және «Проммашкомплект» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері іске қосылды. Ал «Проммаш.kz», «Энергоспецстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және тағы басқа шағын көсіпорындар дайын металл бұйымдарын өндірумен шұғылданады.

Екібастұз қаласында құрылым индустриясы да қарқынды дамып отыр. «Вершина», «Асфальтбетон», «МВИ зауыты» және тағы тағылары құрылым материалдарын өндіруде отандық өнім үлесін арттырып отыр.

Екібастұз қаласы алып электр станцияларымен бүкіл әлемге әйгілі. «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ еліміздегі энергетика саласы флагмандары болып табылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2021 жылы 77,8 миллиард теңгенің инвестициясы тартылды. 2020-2025 жылдары Павлодар облысының кәсіпкерлікте қолдау картасы аясында Екібастұз қаласында жалпы сомасы 17 миллиард теңгені құраған 2 жоба іске қосылып, 211 жұмыс орны ашылды. Атап айтқанда, серпінді клеммалар, рельстерді бекіту үшін жол бұрандаларын өндіретін «ФерроТрансТрейд» ЖШС ашылып, теміржол бұйымдарын жасайтын «Проммашкомплект» ЖШС-ның өндірісі кенейтілді.

2022 жылдың I тоқсанында негізгі капиталға 25,9 миллион теңге инвестиция тартылды. Мынадай инвестициялық жобалар жүзеге асырылады:

«ГРЭС-1» ЖШС-де – жана электр сүзгілерін орнатумен №1 энергоблокты қалпына келтіру;

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да №3 энергоблок құрылышын жүргізу;

«Богатырь Көмір» ЖШС-де көмір өндіру мен тасымалдаудың автоконвейерлік технологиясына көшу;

«AnsaSilicon» ЖШС-де – Кремний зауытының құрылышын жүргізу;

«Mineral Product International» ЖШС-де – Ферроқорытпа зауытының құрылышын бастау;

«EkibastuzFerroAlloys» ЖШС-де – Ферроқорытпа зауытының құрылышын жүргізу;

«RailCastSystems» ЖШС-де – Үсталық-бандаждық кешенді жасау.





Әлемге әйгілі «Богатырь» кенішіне жоғарыдан қарағанда



Тас көмір - ел байлығы

«Богатырь Көмір» компаниясында циклдық-ағындық технологиясы жобасы жүзеге асрылып жатыр. Көмір өндіру мен тасымалдаудың бұл технологиясы «Богатырь» көнішінің өндірістік қуатын жыл сайынғы 32 миллион тоннадан 40 миллион тоннаға жеткізуге мүмкіндік туғызып, «Богатырь Көмір» ЖШС-нің жалпы өндірістік қуатын 50 миллион тоннаға дейін ұлғайтады





Сапалы көмір – сенімді өнім



Шырайлы «Шығыс» кеніші



«Шығыс» кенішінің тұнгі көрінісі




«Шығыс» кеніші панорамасы





ГРЭС-1 станциясындағы жасанды көл



ГРЭС-1 станция



Станцияның басқару орталығы



Жұмыс күндері

Станцияға алыстан көз тіккенде





«Гиннестің рекордтар кітабына» енген ең биік мұржа



Станцияның басқару орталығы



ГРЭС-2 станциясы



Облыс әкімі Ә.Сқақов станцияда



«Энергоуправление» кәсіпорны ғимараты



Қала құрдасы – «Энергоуправление» ЖШС отын-энергетика кешеніне жұмыс істейтін ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен шағын кәсіпорындарға электр энергиясын жеткізумен шұғылданады

Екібастұз ЖЭО панорамасы






Екібастұз ЖЭО – Ертістің Павлодар өнірі энергетикасының тұңғышы



«КЕГОК» АҚ – тұтынушыларға электр энергиясын сапалы әрі үздіксіз жеткізеді

Энергетиканы дамытуға жаңа көзқарас





«Горэлектросеть» кәсіпорнының 35/10 кВ қосалқы станциясы – 1967 жылы пайдалануға берілген алғашқы қосалқы станциялардың бірі


Фидер №76

ТП-156

ЗНВ

шинный

ПРИВОД
ЗАЗЕМЛЮЩИХ
НОЖЕЙ
РАЗЪЕДНИТЕЛЯ



ПРИВОД ГЛАВНОГО
НОЖЕЙ
РАЗЪЕДНИТЕЛЯ

шины «Горэлектросеть» кәсіпорнының 35/10 Кв
10 Кв жабдықтары 2012 жыл



в «Қалалық» қосалқы станциясында
шылдықтың қайта жарапталды



«Горводоканал» кәсіпорнының су құбырлары құрылғыларын тазарту станциясының химиялық лабораториясында қала тұтынушыларына берілетін ауыз су сапасына қатаң бақылау жүргізіледі



«Горводоканал» кәсіпорнының су құбырлары құрылғыларын
сүзгілік тазарту станциясында





БАСЫМДЫҚ БЕРІЛГЕН БАСҚОСУ

2021 жылдың 4 қарашасы Екібастұздың байжылнамасына ерекше тарихи күн болып енді. Атапмыш күні Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұз қаласына жұмыс сапарымен келіп, монокалаларды дамыту жөнінде республикалық мәжіліс өткізді. Мәжілісті ашқан сезінде Президент монокалалардың өнеркәсіптік өнімнің 40 пайызға жуығын өндіретінін айтып, алдағы уақытта монокалалар экономикасын диверсификациялаудың айрықша маңыздылығына назар аударды.

Мәжілісте Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склляр, Павлодар облысының әкімі Әбілқай-

ыр Сқақов және тағы басқа ресми адамдар сөз сейледі. Әсіресе, еліміздің отын-энергетикалық орталығы болып табылатын Екібастұздың стратегиялық дамуына айрықша мән берілді.

Мәжіліс аяқталған соң, Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқақов Мемлекет басшысына Екібастұз өнірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Екібастұзды дамытудың басым жобалары туралы жеке баяндап берді.

Сол күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев теміржол кластерінің жұмысымен танысып, теміржол жабдықтарын шығаратын «Проммашкомплект» және «Ферротранстрейд» кәсіпорындарында болды.



Келбеті келісті «Проммашкомплект»



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Проммашкомплект» кәсіпорнын аралап көрді



Заманауи жабдықтар – өнімді еңбек кепілі



Дайын өнімдер

Павлодар облысының әкімі Ә. Сқақов КВК кәсіпорнын аралап жүр



ОРТА және ШАҒЫН БИЗНЕС

Екібастұз қаласында 2022 жыл есебі бойынша 9336 шағын және орта бизнес нысаны тіркелген, соның ішінде 87,2 пайызы жұмыс істеп тұр. Онда 23721 адам еңбек етеді. Шағын және орта бизнес субъектілері 205 миллиард теңгенің өнімін өндірді.

«2020-2021 жылдарға арналған Еңбекпен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде сомасы 59 миллион теңгені құрайтын 9 жоба қолдау тапты. Әйелдер қауымы да бизнеске тартылу үстінде. Халық банкі бағдарламасы аясында екібастұздық кәсіппер әйелдер 2021 жылы 9 несие алды.


МЕМЛЕКЕТТК БАҒДАРЛАМАЛАР
«Бизнестің жол картасы – 2025»
2021 жылы сомасы 8,1 миллиард теңгені

құраған 342 жоба іске асырылды. Жобалар ішіне жылқы өсіруші «Найман» шаруа қожалығы, көкөніс өсіруші «Асанәлі» шаруа қожалығы және т.т. енді. Жобаларды сала-лық құрылымы бойынша жіктесек, көтерме және бөлшек сауда – 133 жоба, ұқса-ту өнеркәсібі – 41 жоба, көлік – 47 жоба, құрылыш – 18 жоба, ауыл шаруашылығы – 14 жоба, денсаулық сақтау – 6 жоба және өзге де қызметтер 49 жоба.


2022 жылды 70 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

«Қарапайым заттар экономикасы»

2021 жылы 11 жоба жүзеге асырылды. Сомасы – 47,2 миллиард теңге. 2022 жылды 6 жобаны іске асыру көзделіп отыр.



Автоматтандырылған өндіріс



«Қазақстан вагонжасау зауыты» көсіпорны



Бозшакөл тау-кен байыту комбинаты құрылышы тау-кен өндірісі нарығындағы перспектиvasы зор жоба болып табылады



Жүк тиеліп жатыр



Құрылышты «EkibastuzFerroAlloys» компаниясы жүргізіп жатыр



Екібастұзың дамытудың кешенді жоспарына енгізілген серпінді инвестициялық жобалардың бірі – ферроқорытпалар өндіретін зауыт құрылышы. Қуаттылығы жылына – 240 мың тонна



Қарасор құмы бағалы



Құм вагондарға тиеліп жатыр



27310M-2308



«Промсервис – Отан» кәсіпорны



Минералмақта бұйымдары зауытында оқшаулау өнімдері ассортименті жылдан-жылға молайып келеді



«МБЗ» ЖШС ең ірі өнім экспорттаушысы болып табылады



«Greenhouse KZ» жылышайы

2016 жылдан бері «Greenhouse.KZ» фирмасында кезең-кезеңмен жыл сайын шамамен 18000 тонна өнім шығаратын төртінші буын жылыштай кешені іске қосылды





«Тамыр» ЖШС электр қосалқы станциялары және өнеркәсіптік кесіпорындар үшін қуаты 0,4-35 Kv класты электржабдықтарын, желі автоматикасы мен релелік қорғау панельдерін, қуат беруші трансформаторларды, 500-220-110-35 Kv автотрансформаторларды жобалау, өндіру, монтаждау және реттеу жұмыстарын атқарады



Электрод өндірісі



«Вершина» ЖШС – Екібастұзда құрылымыс бизнесін өрістетуші. Қалада алғашқы болып қиматас, жиектас жасауды игерді. Асфальтбетон зауытын, дайын пластикалық бүйымдарды (есік-терезе) құрастыру зауытын іске қосты, онда шыныпакеттерді жинаудың автоматты желісі орнатылған. Ал сарғылт-қоңыр қабырға кірпішін өндіретін заманауи зауыты кеңінен танымал



Жаңа үйлер






«МАИС» - қалаішілік тасымал екпіндісі

«Нартранс» көсіпорны. Тарихи автобус – өткеннен белгі





Нан-тоқаш комбинаты Екібастұз өнірі халқын түрлі нан-тоқаш өнімдерімен қамтамағызыңыз етеді. Шығарылатын өнімдер сапасын арттыру үшін шикізат заманауи приборлармен жабдықталған лабораторияда тексеруден өтеді



Дәмді нан – өр үйге

«Тейлор» тігін фабрикасы





«Авангард» ЖШС. Жақсы жиһаз – үй сәні







Дала данасы Мәшһүр Жұсіп ескерткіші



Кептерлердегің қонақ қалған көктен кеп...

Кептерлердегің қонақ қалған көктен кеп,
Көкшіл үйлер көрінеді көк пен көк.
Елден келген бір танысым айтады,
Қала қалай көп өзгеріп кеткен деп.

Қала қалай өзгермесін, өнбесін,
Екібастұз қара алтынның көмбесі.
Екібастұз құрыш қолдар мекені,
Оған қалай ілесе алсын өзге есім.

Құндіз-түні көк темірін баптаған,
Құндіз-түні жұмысшысы вахтада.
Бұл қаланың бораны да түк емес,
Мұнда тұру ең мерейлі бақ маған.

Қыр тәсінде түріп алып балағын,
Шапқылаған пәк көнілді бала бір.
Керім үйлер асығады ертеңге,
Асыққандай құрылышқа корабль.

Үйлер өзі қонбаған-ды көктеп кеп,
Рахмет саған құрылышы дос, көптен кеп.
Жастық шақтың жалынынан шығар-ая,
Бұл қалада қысташ гөрі көктем кеп.

Жұмагали Коабаев



Город в степи

Пусть говорят: «Он мал и неизвестен»,
Не спорю, но сказать не побоюсь:
Он стал для многих лебединой песней,
Судьбой навеки, наш Экибастуз!

В нелегкой битве наши горняки
Потоком пота уголь поливая,
Старт дали электрической реке,
Наш город всей планете представлял.

День и ночь стучат вагонные колеса,
Спеша доставить драгоценный груз,
Чтоб на него побольше было спроса,
И стал богаче наш Экибастуз.

Живем мы по законам братства,
На всех имеем драгоценный клад,
Но люди — главное богатство,
Помочь друг другу каждый рад.

Не поражает взор столичным блеском.
Нет здесь помпезной яркости витрин,
Но знаем точно, всем известно:
Наш город во Вселенной лишь один.

Күлшат Қаламбаев



АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Екібастұз өнірінде ауыл шаруашылығымен 339 шаруа қожалығы және 13 жауапкершілігі шектеулі серіктестік шұғылданады. 2022 жылдың I тоқсанында 2453,6 миллион теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілді.

Мал шаруашылығы

Өнір шаруалары негізінен мал өсірумен айналысады. Қазіргі уақытта 53300 қара мал, 25220 жылқы, 48035 қой-ешкі және 26403 құс өсіріліп отыр.

Мал түкімін асылдандыру жұмысы жолға қойылған. Өнірде 22635 ірі қара бар. Соның ішінде 2891 бас қазақтың ақбас қызыл қасқа, 538 бас әулиекөл, 87 бас герефорд, 87 бас ангус түкімдесиыр бар. Сонымен бірге, 19032 бас тауарлы асылтүкімді мал, оның ішінде мал түкімін асылдан-

дыру жұмысына қамтылған 6239 бас мал есепке алынды. Мал түкімін асылдандыру үшін 336 бас асыл түкімді бұқа табынға қосылды.

2021 жылы «Ақ Бастау», «Алтын», «Даму», «Аргын», «Әмір», «Нариман», «Асылжан» шаруа қожалықтары үйымдастырылды.

Егін шаруашылығы

2022 жылы егістік көлемі – 13 780 га, оның ішінде дәнді дақылдар 8830 га, жүгері 65 га, жемшөптік дақылдар 3215 га, майлы дақылдар 400 га, картоп 1060 га, көкөністер 210 га.

Үқсату кәсіпорындары

Екібастұз өнірінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін 20 кәсіпорын жұмыс істейді. Тарқатып айтқанда, 6 кондитерлік цех, 1 диірмен, 9 наубайхана, 1 нан зауыты, 1 ет өндеу цехи, 1 қасапхана және 1 тері өндеу цехи.

«Заман» шаруа қожалығы



Бүгінгі егістік – ертеңгі алтын дән






Өрісі малға толған өңір



Қаныш Сәтбаев каналы – халық иғлігі



Канал мұнда ауа, наң тәрізді қажет...
Қ. Сәтбаев

Арайың қаласи, өзіншесің...

Екіастұз!
Рауандап атқан,
таластып таңмен оянған,
Шүғыла шашқан,
нұрына таңың боялған,
Құшағын ашқан,
арайлы қалам, ғажапсың,
Достығын тапқан,
әр түрлі үлттар саяңнан.

Екіастұз!
Еңбекпен ерің терлеген,
Екіастұз!
Бесігім менің тербереген,
Екіастұз!
Өренің ерге өрлеген,
Екіастұз,
Қияға қолын сермеген!

Кемірін қазып,
Қосымның мұнда ұрпағы,
Тарихын жазып,
алысқа даңқы шырқады,
Станция салып,
самала қылды елімді,
Жарығын жағып,
тастүлек кілең сұнқары!
Қарасаң барлап,
қанбайды, досым, құмарың,
Керкіне ғажап,
ғашық бол жанып тұрасың.
Көшесін шарлап,
көргенде сұлу қыздарың,
Қиялмен самғап,
құс қанат байлап ұшасың!



ЕКІАСТҰЗ

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Екібастұз өнірінде 21 мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелері жұмыс істеп тұр. Атап айтқанда, құрамына Перзантхана енетін Екібастұз қалалық ауруханасы, №2 емхана мен №3 емхана, 3 дәрігерлік амбулатория, 1 фельдшерлік-акушерлік пункт, 14 медицина пункты.

Жеке меншік медициналық үйімдар саны жетеу: «Дисконт» емханасы – бұрынғы №1 емхана, сенімгерлік басқарудағы Ақкөл дәрігерлік амбулаториясы, Құдайкел, Құлакөл, Қарасор, Зеленая роща, Жақсат медицина пункттері. Сонымен бірге, өнірде облыстық медициналық үйімдардың: психикалық денсаулық орталығы, СПИД орталық, жедел медициналық көмек станциясы жұмыс істейді.

Мемлекеттік медициналық мекемелер 457 көреу-еттік орынға шақталған.

Енді медицина мекемелері туралы аз-маз дәрек айта кетелік. Мемлекеттік емес мекемелер ішінде «Хирургия орталығы» ЖШС 1998 жылы құрылған. «Стоматология» медициналық мекемесі

1997 жылдан бері жұмыс істейді. «Дентамед» медициналық мекемесі де 1997 жылы ашылған. «Нұр» медицина орталығы 1998 жылы есігін ашты.

Қалалық аурухананың 10 бөлімшесі 23 профиль бойынша халыққа қызмет көрсетеді. Сонымен бірге, 10 қосымша көмек көрсету бөлімшесілері бар.

Тәуелсіздік жылдары: 2006 жылдың жаңа №3 емхана ғимараты, 2014 жылдың №2 емхана ғимараты салынды.

Соңғы екі жыл ішінде жедел медициналық көмек көліктегі толық жаңартылды, №2 және №3 емханаларға мобильдік бригадалар үшін санитарлық көліктер сатып алынды. Екібастұз қалалық ауруханасы компьютерлік томографқа ие болды. №2 және №3 емханаларда УЗИ, маммография аппаратуралары жаңартылды. СПИД орталық базасында ПЦР-лаборатория ашылды.

2019-2022 жылдар ішінде жас мамандарға 50 пәтер бөлінді.





Тәуелсіздік жемісі - №2 өмхана



ПОЛИКЛИНИКА №2



Жедел жәрдем әрдайым әзір




Тәні сергектің – жаны серек



Дәрігерлер кәсібіне адал

«Тұз шахтасындағы» ем





Екібастұз қалалық ауруханасы ғимараты. Дронмен түсірілген





«Әлем» балаларды оңалту орталығы



«Өмір» шығармашылық оңалту орталығы. Ән – көңіл мен тәнге ем





Естай атындағы музика мектебі

Кенішті қалам - мақтанаңышы!

Көшөнде келем көгімнен жаңбыр селдеткен,
Көнілге бір гүлзар жыр тұнып.
Кенішті қалам, барасың-ау, шіркін, еңбекпен,
Бешпент киген келіндей бол құлпырып!

Жылдар да өтті-ау, көгіме нұрлы құнді іліп,
Жастықтың жырын жырладық талай бір жүріп.
Тойыңа бүгін жырымнан шашу шашамын,
Қуанып жүрген құрдасың барын білдіріп.


Көшөнде келем ғүлдерден көйлек киінген,
Көркіне ғажап көргендер іштей сүйінген.
Жылдармен бірге көркейіп өсіп келесің,
Жаныңда жастық бақытың жанған күйінмен!

Елінде – шаттық, жерінде – байлық, қара алтын,
Әр үйде шамың самала бол жанатын.
ГРЭС, ТЭЦ-ің нәр алып тұр бойынан,
Мен мұндалап тұлғасымен дара тым

Өне бойың тынбас қайнаған еңбек кернеген,
Кеншілер жүр табыспен ерен ерлекен.
Құлпырып қалам келесің әсем көркейіп,
Достық пен бақыт байланған жарқын елменен.

Қуана соғып кеудеме жүрек жүр симай,
Жазып та журмін көнілден нәзік жыр сыйлай.
Кенішті қалам, – тіршілігімнің нәрісін!
Күндеріме – демеу, өміріме жүрген гул сыйлай.

Жанақ Тілөгенұлы



БІЛІМДІ БІЛКТЕРДІ БАҒЫНДЫРАДЫ

Екібастұз қаласы мен ауылдық аймағында 53 білім беру мекемесі және 3 қосымша білім беру орталығы жұмыс жасайды. Мемлекеттік жалпы орта білім беретін мектептер саны – 24, ондағы оқушылар саны- 20066. Мемлекеттік мектепке дейінгі 26 мекеме және Естай атындағы балалар музыка мектебі, балалар көркемсүрет мектебі, «Қайнар» бос уақытты қамту кешені, 1 жеке меншік мектеп, 2 жеке меншік балабақша бар.

Қаладағы 28 балабақша 6975 баланы қамтып отыр.

Мемлекеттік жалпы орта білім беретін мектептерде санын комплектілер саны – 1080, оның ішінде қазақ тілінде оқытатын мектеп – 6, оқушы саны – 5597, арас-лас мектеп – 19, оқушы саны –12851, орыс тілінде оқытатын мектеп – 4 ,оқушы саны –1167.

2020-2021 оку жылын табысты аяқтаған оқушылар саны – 11912. 30 оқушы «Алтын белгі» иеленді. Білім сапасы – 66 %. ҰБТ-ға 666 түлек өтініш беріп, бәрі қатысты. 27 түлек 100-ден жоғары балл жинады. Ең жоғары көрсеткішке №7 мектеп-гимназиясының түлегі Игорь Коковин қол жеткізіп, 132 балл алды. Мемлекеттік тапсырыспен университетке 258 түлек оқуға тусти.

Білім беру мекемелерінің бәрі кең жолақты интернет желісіне қосылған.

2020-2021 оку жылында мектептерге интернеттісіз оку ресурстарын пайдалану мақсатында 1582 дана ноутбук берілді.

«Күнделік» электрондық жүйесіне барлық білім беру мекемелері тіркелген.

Bilimland.kz платформасының «Online Mekter» контентінде 24 мектеп қосылып, келісім-шарт жасалды.

Жаңа модификациялық кабинеттер:

- Физика кабинеті – 1 (№13 ОМ);
- Рухани жаңыру кабинеті – 1 (№13 ОМ);
- Биология кабинеті – 1 (№ 23 ОМ);
- Роботтехника кабинеті – 1 (№ 23 ОМ);
- Информатика кабинеті - 1 (№ 23 ОМ).

Білім беру мекемелеріндегі пән мұғалімдері, тәрбиешілер және педагог-психологтардың сапалық құрамы

жинақталып, электронды деректер қоры құрылды.

Педагог-шебер санатты – 17, педагог – зерттеуші біліктілік санатына – 576, педагог-сарапшы санатына – 259, педагог-модератор санатына 250 педагог өтті. Жаңа форматта 1102 педагог өтті, бұл барлық педагогтардың 67 %. Жоғары санатты педагогтар саны-76, бірінші санатты – 78, екінші санатты – 67, санаты жоқ-328.

2021-2022 оку жылының басында 47 жас маман жұмысқа кірісті, 6 жас маман түргын үймен қамтамасыз етілді. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмысы үздіксіз жүргізіледі. Осылайша, орта білім беру мазмұнын жаңарту шенберінде – 61, қысқа мерзімді біліктілік арттыру курсынан 42 педагог, даярлық санын мұғалімдеріне арналған қашықтан оқыту режиміндегі жаңартылған білім беру мазмұны аясында өткен біліктілікі арттыру курсынаң 20 педагог өтті.

Нұр-Султан қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының біліктілікі арттыру курсынаң әдістемелік кабинеттің – 7 әдіскерлері өтті.

Естай атындағы Екібастұз балалар музыка мектебі

Екібастұз балалар музыка мектебінің тарихы 1951 жылдан бастау алады. 2012 жылы Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен жобалық қуаты 650 оқушыға лайықталған балалар музыка мектебінің жаңа гимараты пайдалануға берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 сәуіріндегі №234 қаулысына сәйкес Музыка мектебіңіздердің көрнекті әншісі, ақын-сазгері, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген әнер қайраткері, Қазақстан композиторлар Одағының алғашқы мүшелерінің бірі, жерлесіміз-Естай Беркімбайұлының есімімен қайта аталды.

Естай атындағы балалар музыка мектебінің негізгі мақсаты оқушылардың бойынша таланттың шындалып, сапалы біліммен, кәсіби бағдар беру, руханиятынызға үлес қосатын тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Мектепте 13 мамандық бойынша оқыту жүргізіледі. Олардың ішінде халық және ішекті аспаптар; вокалдық-хор; фортепиано, теориялық пәндер және жалпы фортепиано бөлімдері, үрмелі және соқпалы аспаптар класы кіреді.



Академик Қаныш Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты

Мектепте қазақ халық аспаптар оркестрі; үлкен және кішіхор; «Жанды дауыс» этно-фольклорлық ансамблі, орыс халық ансамблі, скрипкашылар, қобызышылар мен гитаристтер және баянистер ансамблдері сөтті жұмыс жасап келеді.

Музыка мектебінде жалпы 80 оқытушы жұмыс істейді. Мектеп үстаздары өз біліктілігін арттырып, әдістемелік оқу құралдары мен инновациялық бағдарламалардың авторлары болып отыр.

2021-2022 оқу жылында оқушылар саны 700 баланы құрады.

Қазіргі уақытта музыка мектебінің жалпы білім беретін мектептерінде 170 оқушыны қамтитын Домбыра үйрімелері жұмыс істейді.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламасы, «Ұлы дала әуені» жобасын іске асыруда Фольклорлық кабинет, Домбыра кабинеті жабдықталып, фольклорлық

ансамбльдер байқауы және тағы басқа байқаулар өткізілуде.

Екібастұз қөркемсурет мектебі 1984 жылы ашылған. 2009 жылдан бері мектеп ЮНЕСКО Клубының Халықаралық Федерациясы мүшесі болып табылады.

Мектепте 54 сынып-комплект, қала мектептерінде 13 филиалы жұмыс істейді. Оқушылар саны 730-дың үстінде. 15 педагог сабак береді.

Мектеп шәкірттері 2021 жылы 19 аймақтық, 23 республикалық және 48 халықаралық байқауларда жеңімпаз, жүлдегер атанды.

Қалақұраушы ірі қасіпорындарда балалар шығармашылығы қөрмелерін үйімдестеру дәстүрге айналды.

Әр жылдары бітірген 246 түлек Қазақстан мен әлемнің басқа елдерінде арнағы орта және жоғары білім алды.

Қаныш Әмбәев
120 жыл



Гүламағалым мерейтойы



Дәуренде студенттік өмір



Білімді жас – білікті маман



ЭкИнеУ колледжі



Студенттер пікір алмасуда



Екібастұз медицина колледжі



Теория мен практиканы үштастыру



Естай атындағы музика мектебі. Скрипкашы қыздар



Екібастұз көркемсурет мектебінің «ШикАрт» сән театры



«Артық білім – кітапта»



Павлодар облысының әкімі мектеп тұлектеріне сәт сапар тіледі
Аймақ басшысы Әбілқайыр Сқақов Екібастұз қаласындағы № 36 мектеп-лицеїндегі
өткен соңғы қоңырауға қатысты, деп хабарлайды



Абай кабинеті. «Білім таппай баптанба...»



Ерлер ерлігі – ұрпақ жадында



Компьютерлік кабинет

ШАХМАТ-АҚЫЛ-ОЙ
КУШІНІҢ ҚҰДІРЕТИ,
ҮШҚЫР ОЙДЫҢ ӨЛШЕМІ




Шахмат кабинеті



Домбыра кабинеті. Саусағынан күй төгілген балалар



Шараның сіңлілері



Кітап әлеміне үнізу




Қыздар кестесімен көркем



Балабақша балдырғандары Наурыз мейрамы күні

Балаңиялы шексіз

155



ЕКІБАСТЫ

INTELLECT



Екібастұз

Қойныңда қазынаң мол қара алтыннан;
Әзінде болашақтың таңы атылған,
Жайнай бер, Екібастұз, құлпыра бер,
Фасырда бір алыпсың дара тұрган!

Оранып гүлзарларға қөшмелерін,
Ерен еңбек табыспен өседі елің.
Жол айқын Қосым салған алғы күнгө,
Көгергені емес пе көсегенің.

Күндерің де нұрланып көкте күнің,
Гүл жайқалтып іздері өткеніңнің.
Ынтымақты бірлікте болашаққа,
Желбіреттің байрағын көкке еліңнің.

Талай жыл бірге өскен құрдасым ең,
Аяқты тәй-тәйлаған бір басып ем.
Көркің шаттық құшқан, ел сүйсінген,
Жүрсем де тілекtes бол шын ғашық ем.

Құлпрыып көз тартасың көркіңменен,
Көнілді жаулап алар желпілдеген.
Гүл оранған даңғылды жүріп өтсем,
Бойымды күй баурайды шертілмеген

Жанақ Тілегенұлы

ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ

Екібастұз қаласы мен ауылдық аймағында 21 клуб, 19 кітапхана, 1 музей және 1 жылжымалы мәдени-демалыс кешені бар.

Клубтарда 119 шығармашылық ұжым халықта қызмет көрсетеді. «Нұр Шашу», «Нәзік», «Джуманджи» би ансамбльдері – үлгілі атағын алған өнер ұжымдары.

«Атамұра» ұлттық аспаптық ансамблі мен «Мұрагер» вокалдық аспаптық ансамблі халықтық атағын алған. Екібастұз өнірі таланттарға бай, өнерлі адамдар көп. 2021 жылды халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық 38 байқау мен фестивальға қатысып, 27 бас жүлде, 31 бірінші, 21 екінші және 8 үшінші орынды иеленді.

Екібастұз қаласының аумағында және ауылдық аймағында 170 тарихи-мәдени мұра обьектілері бар. Павлодар облысының киелі жерлері тізіміне Екібастұз өнірінен Ақкөл-Жайылма, Ақбидайық петроглифтері, Исадек ишан хазірет кесенесі, Өлеңті жазулары, Әулиекөл қалашығы енгізілген.

«Атамұра» мәдениет орталығы

«Атамұра» мәдениет орталығы 1993 жылды 16 желтоқсанда ашылды. Алғашқы директоры – Тұсінхан Қасымжанов. 1996-1997 жылдары Сансызбай Құлтұманов, 1997-1998 жылдары Жүргін Бәтенов басқарды. Қазіргі уақытта мәдениет орталығының директоры - Нұрсұлу Төлеубаева.

1993 жылды композитор Шәкен Рақышев «Шалқыма» ұлт-аспаптар оркестрін құрды.

1998 жылды «Тамаша-дұман» ойын-сауық отауы ұжымыс істеді.

1999 жылды Н.Тұғанбаевтың үйимдастыруымен «Мұрагер» ұлт-аспаптар ансамблі құрылды.

1999 жылды қарашада ақын, «Отарқа» газетінің бас ре-

дакторы Амангелді Қантарбаевтың үйимдастыруымен әдеби бірлестік ұжымыс істей бастады.

2002 жылды Гүлбаршын Сәбитованың жетекшілігімен «Жадыра» фольклорлық ансамблі құрылды. 2003 жылды ансамбль облыстық ансамбльдер байқауында бас жүлдені женіп алды.

«Атамұра» орталығының негізгі қызметі – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, насиҳаттау. Тәуелсіздік жылдары ішінде үлкен жобалар жүзеге асырылды.

1999 жылды «Тазша бала» жобасы қолға алындып, қазір бұл байқау «Бала сұлтан» деген атпен өткізіліп жүр. «Жігіт сұлтаны» байқауы да көрермен көңілінен шықты. Сонымен бірге дәстурлі «Ақ босаға» жас отбасылар және «Қазақтың келіндері-ай» сыйистары жыл сайын үйимдастырылады.

2006 жылды «Жас толқын» ақындар мектебі ашылды. Мектепте ақын, «Атамұра» мәдениет орталығының көркемдік жетекшісі Алмагүл Жүгінісова жетекшілік етті. Ол қаламыздығы айттыстыңденгейін көтеріп, төл өнерімізді насиҳаттауда талмай еңбек етті.

«Атамұра» орталығы ақындар айттысын жыл сайын өткізеді. 2019 жылды алғаш рет халықаралық денгейдегі ақындар айттысын үйимдастырды. Айттықа Қытай, Монголия елдерінен айттыс ақындары қатысты.

2019 жылды Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер ісі басқармасының «Үздік аудандық мәдениет үйі» атағын женіп алды.

2021 жылды «Рухани қазына 2021» онлайн фестивалінде Павлодар облысы әкімінің «Үздік аудандық мәдениет үйі» атағын иеленді.

КІТАПХАНАЛАР

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі құрылымына 19 кітапхана: орталық қалалық кітапхана, орталық балалар кітапханасы, №3 қалалық кітапхана – коммуникациялар орталығы, №4 қалалық кітапхана, Солнечный кентіндегі №6 қалалық

кітапхана – коммуникациялар орталығы, Шілдерті көнтіндегі №8 қалалық кітапхана, Аққөл, Байет, Бозшакөл, Қарасор, Қарасу, Комсомол, Құдайкөл, Майқайың, Марғұлан, Өлеңті, Сарықамыс, Төртқұдық, Екібастұз ауылдық кітапханалары кіреді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кітапхана қызметін жаңғыру мен дамытуға, жаңа типтегі кітапханалар құруға бағытталған «Жаңа форматтағы кітапхана» жобасы жүзеге асырылуда. Осы жобаны іске асрудың маңызды тармақтарының бірі - кітапханаларды цифрландыру бағдарламасы болып табылады.

Кітапханада «Кіші Отанның ұмытылмас мұралары»; ағартушы, философ және шығыстанушы Мәшіһұр Жүсіп Көпейұлына арналған «Ұлы ойшыл»; ғалым, өлкетанушы Серік Жақсыбаевқа арналған «Өлкетанушы. Ғалым. Журналист»; Төртүй ауылының 90 жылдығына арналған «Төртүй мен төртүліктер» веб-ресурстары жұмыс істейді.

Екібастұз қаласының 65 жылдығына орай маусым айында «Екібастұз көшелері» атты виртуалды карта іске қосылды.

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 33 қызығушылық клубы оқырмандар басын қосып отыр. «Шарайна» әдеби клубы, «Жанұя кафесі» отбасылық оқу клубы, «Шаңырақ» әжелер клубы және т.б. түрлі форма мен мазмұнда іс-шаралар өткізіп, клуб мүшелері саны артып келеді.

ОҚЖ штатында 81 адам еңбек етіп жүр, соның 57-сі кітапхана қызметкери.

«МАҚПАЛ» МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Солнечный кентіндегі «Мақпал» мәдениет үйі Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 1999 жылғы 25 наурыздағы №171 «Мақпал» мәдениет үйі мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорының құру туралы» қауалысына сәйкес құрылды.

Мәдениет үйінде 223 орындық көрермен залы бар.

2007 жылды Мәдениет үйі «Павлодар облысының үздік мәдениет үйі» болып танылды, байқауды облыстық мәдениет басқармасы мен «Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы және мәдени сауық қызметі орталығы өткізді. Сол жылы мәдениет үйінің әдістемелік кабинеті облыстық үздік кабинеті атағын иеленді.

Мәдениет үйінде 13 клубтық құрылым: «Нәзік», «Қарлығаш», «Меломан», «Мюзик стар» вокалдық топтары, кішкентай және ересек балалар үшін «Жұлдыз» би тобы, «Тамаша» сатира және өзіл театры, «Гармония» тобы, «Тұмар» домбырашылар тобы, «Ақ ниет» ансамблі, «Ақ қанат» мәнерлеп оқу мектебі, «Ерке» триоы, «Кербез» тобы жұмыс істейді.

ЕКІБАСТҰЗ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

Екібастұз тарихи-өлкетану музейі 1997 жылы Екібастұз қаласының 40 жылдығына ашылды. Музейде 10 тұрақты және 1 көрме залы бар.

Музейге келушілер өнірдің тас ғасырынан бастап, қазіргі таңға дейінгі бай тарихы, кентанушы Қосым Пішенбаевтың тас көмірді табуы, Екібастұз қаласының қалыптасуы мен даму тарихы, өнірдің белгілі адамдары мен әлемге әйгілі көмір кеніштері, электр стансалары, XV ғасырда Қазақ мемлекетінің құрылуы, 1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи оқиғалармен таныса алады.

2018 жылдың 21 маусымында музейде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде композитор, ақын Естай Беркімбайұлына арналған «Естай залы» ашылды.

Бүгінгі күні музейде 25 мындан астам жәдігер тұр. Музей қоры бірқатар коллекцияларды біріктіреді. Атап айтқанда, тас, қола, және ерте темір дәүірінің археологиялық коллекциясы; қазақ халқының сәнді-қолданбалы шығармашылығының бұйымдары, нумизматика, халық шебері Бақыт Сағындықовтың



«Атамұра» - ұлттық өнерді дәріптеууші

этнографиялық коллекциясы, XYIII ғ. неміс музыкалық аспабы – фисгармония, самауырлардың коллекциясы және т.б.

Музей қызметкерлері «Екібастұз» энциклопедиясын, «Екібастұз өлең өрінде» атты Екібастұз өнірі ақындарының өлеңдер жинағын, «Война... Годы... Память...» кітабын, «ART Шашу» қолданбалы сәндік өнер шығармашылығы альбомын баспадан шыгарды. Сонымен қатар, Екібастұз қаласының 60 жыл-


дағына орай «Хронограф Экибастуза. 1957-2017» кітабы мен «Первый художник Экибастуза» каталогының шығуына ықпал етті.

Музейге келушілер санын арттыру мақсатында «Менің қаламның көрікті жерлері» экскурсиясы, «Музей түні» акциясы, «Өз есімінді тарихта қалдыры», «Қасиетті жерлерге саяхат», «Музейдегі туған күн» жобалары, «Музей достарын шақырады» бағдарламасы қолға алынған.



ДНЕР





«Өнөр» мәдениет сарайы



«Атамұра» халықтық фольклорлық ұлт аспаптар ансамблі



«Нүр шашу» би тобы



«Очарование» үлгілі хореографиялық ансамблі



«Қайнар» ББК-нің «Радость» үлгілі хореографиялық ансамблі



Домбыра күні жүздеген күйшікүй ойнады



«Өнер» мәдениет сарайының «Серпантин» бишілер тобы



Музейде әйгілі қолөнершілер көрмелері өткізіліп тұрады

БИБЛИОНОЧЬ

— в Экибастузе —



«Тұнгі кітапхана» шарасы

Спортшылар мекені

«Шахтер» стадионы құлпрырыпты, қарашы,
Әне «Жасыбай», ешкімнің жоқ таласы.
Ұл-қыздары тұғырынан түспейтін
Екібастұз – спортшылар қаласы!

Бұл шаһар талай жастың багын ашын,
Мұндағы әр санлактың аты – дастан.
Кез келген жарысқың жүлдегері
Енсе тіктеп, келдік дейді: «Екібастан»!

Жыланбаев – символы жылдамдықтың,
Шынғашықтың, үттың, міне, мықтың!
Екібастұзды танытып бар өлемге,
Абыройын асқақтатты тұтас үлттың.

Намысы өр, демес едік күші кем,
Қарсыласын нокаутқа түсірген.
Мұса, Қуан, Аятолла сияқты
Боксшылар үлгі болар ісімен.

Атқа қонған Ақкөлдің жігіттері,
Облыста ірі болып ірктелді.
Үлттық спорттың дамуына үлес қосып,
Патриоттық тәрбиен үттеді.

Акробаттар үздіктердің санатында,
Қоржынында күміс, қола, бар алтын да.
Хоккейшілер әр жарыста жүлде алып,
Мықтыларды өздеріне қаратуда.

Тоғызқұмалақ, шахматтан шеберлер көп,
Волейболдан ұл-қыздар да ерлекен көп.
Замандас, стадионды бетке алайық,
Екібастұзда футболды «жерлеген» жоқ!

Оралхан Қожанов



СПОРТ ДЕГЕН БІР СИҚЫР

Екібастұз қаласында бұқаралық спортты дамытуға айрықша мән берілпі келеді. 7-ден 18 жасқа дейінгі 6903 бала мен жасөспірім денешінің тиражы және спортпен шұғылданады. Ауылдық аймақта бұл көрсеткіш 1046 баланы құрайды.

Сонымен бірге, қалада 49191 ересек адам, ауылдарда 5964 адам спортпен шұғылданады.

Екібастұз қаласында 297 спорт нысаны, оның ішінде 1 стадион, 4 спорт сарайы, 8 спорт кешені, 11 атү тири, 13 хоккей корты, 5 теннис корты, 1 ипподром, 5 жүзу бассейні және т.т. бар.

Ауылдарда жасанды жабындылы шағын футбол алаңдары пайдалануға берілді.

2022-2025 жылдары 20 стрит-воркаут, 10 стритбол алаңшасын, Мұз сарайын, көп функционалды спорт кешенін салу жоспарланып отыр.

№1 балалар мен жасөспірімдер мектебі

1961 жылы ашылды. 2021-2022 оку жылында 2319 бала спортпен шұғылдануда. Спорттың 7 түрі: баскетбол, волейбол, футбол, шайбалы хоккей, үстел теннисі, тоғызқұмалақ және ИТФ-таеквандо насиҳатталады.

49 білікті бапкер-оқытушылар жұмыс істейді. Ушेуінің жоғары санаты, 14-нің екінші санаты бар. №1 БЖСМ-нің материалдық-техникалық базасына мамандандырылған залдарымен 4 гимарат енеді.

Баскетболшы Людмила Шумская, волейболшылар Айгожа Азиз, Ибрахим Бейсембаев, Ксения Арефьевна, Екатерина Токарева, Жанна Сыроешкина, Сабина Қалиева, Виктория Сыроешкина, Динара Сыздыкова, тоғызқұмалақшы Ардақ Қанапашев және т.б. шеберлік биігіне көтеріліп, мектеп атын өйгіледі.

«Жасыбай» балалар мен жасөспірімдер спорты мектебі

Директоры – Қуат Абылайханов. «Жасыбай» спорт сарайында 8 спорт зал, 2 бассейн бар. Бір мезгілде 487 адам спортпен шұғылдана алады. Сонымен бірге, жүзу бассейні бар екі қабатты тағы бір гимаратта саға-

тына 30 адам жүзу спортымен шұғылдануына болады.

«Жасыбай» спорт кешенінде спорттың 9 түрі: бокс, еркін күрес, дзюдо, самбо, ауыр атлетика, жүзу, шахмат, спорттық акробатика, шағын футбол, женіл атлетика, гір спорты дәріптеледі. 2674 бала мен жасөспірім спортпен шұғылданады.

Мұнда еркін күрестен Светлана Анкевича, спорттық акробатикадан Анатолий Пахандрин және Санжар Сәдуов, бокстан Ислам Машкентаев, дзюододан Арман Махамбетов, кәсіби боксшы Серік Мұсадилов, жүзу спортынан Аделаида Пчелинцева ел, құрлық чемпионаттарында зор жетістікке жетіп, олжа салды.

№3 БАЛАЛААР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТЫ МЕКТЕБІ

Директоры – Құмар Дағысенбаев. №3 БЖСМ балансына Солнечный кенті мен Шідерті кентіндегі дene шыныңтыру-сауынтыру кешендері, Екібастұз қаласы Королев көшесі, 82 мекенжайындағы күрес залы енеді. Мектепте 37 жаттықтырушы-оқытушы қызмет істейді, спорттың 12 түрі: велоспорт, бокс, таеквандо, қазақ күресі, дойбы, еркін күрес, волейбол, баскетбол, футбол, шайбалы хоккей, дзюдо, ұлттық ат спорты ойындарымен шұғылдануға болады. 1906 бала, оның ішінде 947 бала ауылдық аймақтан спортпен айналысып жүр. Спорт мектебі жұмыс істегелі Халықаралық дәрежедегі 1 спорт шебері, 9 – Қазақстан Республикасының спорт шебері, 120 – спорт шеберінен үміткер және 55 бірінші разрядты спортшы өзірленді. 21 адам еліміздің жасөспірімдер, жастар құрама командалары салына қосылды.

36 спортшы Қазақстан чемпионаты, біріншілігі және Кубогы жеңімпазы атандып, 126 адам жүлдегер болды. Халықаралық жарыстарда 25 алтын, 25 күміс, 28 қола медаль иеленді. Әлем және Азия чемпионаттарында 2 алтын, 1 қола медальға қол жеткізді.

Мектеп боксшылар Аятулла Тәкежанов, Абылай Сайлаубеков, Куан Куатов, Бахтияр Смағұлов, кәсіби боксшы Мұса Тұрсынғалиев, қазақ күресі палууаны Ислам Жанбырбаев, таеквандошу Алика Копишева, Анаргұл Сабыр, Арман Бектұров және т.б. мақтан тұтады.



«Екібастұз» теннис орталығы



«Промсервис Отан» ЖШС жүрттың игілігіне берген хоккей корты мен «Вершина» ЖШС жасаған теннис орталығы екібастұздық кәсіпкерлердің биік азаматтық ұстанымының жарқын үлгісі болып табылады



«Снежинка» тау шаңғысы базасы



№1 спорт мектебі. Баскетболшы қыздар





Марат Жыланбаевтың ізбасарлары



Таэквандошылар



«Екібастұз» ФК

СПОРТ КЕШЕНІ

Ж



«Жасыбай» спорт сарайы

жасыбай

СПОРТ/ОМНИПЛЕКС





Дзюдодан Қосым Пішенбаев турнирі



Біздің спорттық акробатшылар әлемге танымал



Жүзү спортына құмарлар көп





Көркіне көз тоймайтын Екібастұз



«Maxi Mall» ойынсауық-сауда орталығы



«Болашақ +» сауда орталығы





Екібастұздың сауда үйлері әлемдік стандарттарға сай





Қелешеккө ой жүгірткен басшылар: Павлодар облысы әкімі Әбілқайыр Сқақов пен Екібастұз қаласының әкімі Ардақ Қантарбаев

ҚҰЛАШЫН ЖАЙҒАН ҚҰРЫЛЫС

Қаланың келбетін қалыптастыратын құрылыш саласы да соңғы жылдарда қарқынды дамып келеді. №№9, 21, 22 шағын аудандарда бой көтерген көпкөтерлі биік үйлер, ірілі-ұсақты зауыттар мен мекемелер ғимараттары – соның айға!

Тұрғынжай құрылышы «Нұрлы жер», «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламалары аясында жүргізілуде. 2019-2021 жылдары 133 мың шаршы метр тұрғынжай пайдалануға берілді. Соның ішінде биік үйлер – 113,5 мың шаршы метр, жеке үйлер құрылышы 19,5 мың шаршы метр.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 13 көпқабатты үй салынып, 2 көпқабатты үй қайта жарақталды.

Былғы жылы 180 пәтерлі 2 биік үй салынады. Жалпы алаңы – 14500 шаршы метр. Сонымен бірге, 8»А» және 22-шағын аудандарда салынатын 1332 пәтерлі 17 көпқабатты үйдің және 420 пәтерлі 7 бес қабатты үйдің жобалық-сметалық құжаттамасы өзірленуде.

Жеке үй құрылышына келсек, 2020 жылдың желтоқсанында ипподром ауданында 480 жер телімінің, яғни 370 үйдің құрылышын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасау аяқталды. Жоба төрт кезеңге бөлінген, жалпы сметалық құны 9702,8 миллион теңге. Жер телімдерін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында 2018-2019 жылдары инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жобасы өзірленіп, ипподром, №23 шағын аудан және 207-208 квартал аумағында электр желілері, су құбырлары тартылды.

Екібастұз ауылдық аймағында 19 ауылда орталықтандырылған су құбыры құрылышы жүргізілді. 2022 жылы Әлкей Марғұлан ауылы мен Төртқұдықта су құбыры торабы қайта жарақталады.

Сонымен бірге, 2019-2021 жылдары қалада қашықтығы 35 километр магистральдық және 50 километр кварталішілік су құбыры тораптары, «Горводоканал» кәсіпорынының 15 километр көріз торабы жөндеу көрді. Қазіргі уақытта 15 километр магистральдық және 30 километр сумен қамтамасыз ету тораптары қайта жарақталып жатыр.

Жалпы, қалада 23 бюджеттік инвестициялық жоба жүзеге асырылада. Ол үшін 9,8 миллиард теңге қаржы бөлінді.

Кенді қаладағы құрылыштың флагманы - сәзсіз «Вершина» кәсіпорны. Осыдан 25 жыл бұрын өз жұмысын бастаған компания бүгінге дейін 26600 шаршы метр тұрғынжайды қалыпқа келтіріп, жаңа 9 қабатты паркингі бар биік үй салды. Тенис орталығы мен «Снежинка» шаңғы базасының құрылышын жүргізді. Сонымен бірге, «Жасыбай» спорт мектебінің үлкен және кіші бассейндері курделі жөндеуден өткізіліп, №13 арнайы балабақшаға курделі жөндеу жасалды.

Соңғы жылдары салынған көпқабатты тұрғын үйлердің дені «Гидропром» ЖШС құрылышшыларының ересен еңбегі. Жайлы да жылы, су жаңа баспаанаға ие болған екібастұздықтардың құрылышшыларға айттар алғысы мол!

Алпыстың бесінші белесіне аяқ басқан Екібастұзда әлі талай заманауи құрылыш жүргізілетіні анық. Бастысы, биік талғам мен сәнді құрылыш қала жұртшылығының мәнді өмірін айшықтай түсіі ләзім. Кенді қала осы межеден көрінетініне біз сенімдіміз!

Экибастуз

Экибастуз, здесь пылкие сердца
Ковыль приправили солёным потом,
Досталось славным дедам и отцам
Такая грандиозная работа.


Буран сплошною пеленой завис,
Он лишь палатки, не сердца остынет.
Предельно краток буден тех девиз:
– «Здесь уголь есть, а значит, город будет!»

Рос город в те далёкие годы
Под четкий ритм строительного бума,
Чтоб потекло тепло по проводам
Мечтой заветной старого Косума.

Трудяга город – гордость наших дней,
По вечерам, разливвшись ярким светом,
Сигналит переливами огней
Всем, от кого он принял эстафету.

Не уронил он своего лица
В забвенья пыль, став памяти оплотом,
О тех, кто в него верил до конца
Ковыль приправивших солёным потом.

Кузьмина В. М.



Фотоальбом-кітабы
Алпыс бесінші баспалдақ

Құрастыруышы Жұмағали Сейтенов
Мәтіндер авторы Жассерік Сәдуақасов
Дронмен фототүсірілім жасаған Василий Аваргин
Дизайнер Дмитрий Нагаев
Фотографтар К. Абылқасов, В. Бугаев, М. Гонтарь, Е. Гордеева, Г. Дробец,
Р. Ибаділдин, Б. Копнов, Ю. Матросов, В. Панасиuk, А. Пархоменко,
Ж. Сейтенов, И. Тимошенко

«Екібастұздың болашағы үшін» ҚБ тапсырысымен шығарылды.

Подписано в печать 26.05.2022 г.
Формат 200x200. Печ. л. 12,25. Тираж 500 экз. Заказ № 2227.

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Курсив» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, «Бағанашыл» ықшам ауданы, Восточная көшесі, 2 үй.

Казакстан

кинотеатр

PRIDE
Lounge bar

VELO.kz







